

"Тасболат ойл девелопментс" бірлескен кәсіпорны туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 31 мамыр 1994 ж. N 581

Маңғыстау облысында мұнай өндірудің деңгейін тұрақтандыру үшін шетел инвестициясын тарту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігі ұсынған әрі Экономика министрлігімен, Геология және жер қойнауын қорғау министрлігімен, Қаржы министрлігімен, Әділет министрлігімен және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетімен келісілген "Маңғыстаумұнайгаз" өндірістік бірлестігі мен "Гендор Ресорсез Лимитед" фирмасын қатыстыра отырып Маңғыстау облысындағы Тасболат, Ақтас, Түркіменой кеніштерін (газ қабаттарынан басқасы) игеру мен пайдалану жөніндегі "Тасболат Ойл Девелопментс" бірлескен кәсіпорнының құрылтай құжаттары мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігі бір ай мерзімде Қазақстан жағынан бақылаушылық кеңесінің мүшелерін тағайындастырын.

3. Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары, Маңғыстау облысының әкімі "Тасболат Ойл Девелопментс" бірлескен кәсіпорны қызметінің үйымдастыру мәселелерін шешуге жәрдем көрсететін болсын.

4. Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігі мен Қаржы министрлігі аталған бірлескен кәсіпорын қызметінің барысында құрылтай құжаттарының ережелері мен шарттарының сақталуына бақылауды қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі